ХОЛОДИЛЬНИК-МОРОЗИЛЬНИК

РУКОВОДСТВО ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ

ПОЖАЛУЙСТА,
ТЩАТЕЛЬНО ПРОЧТИТЕ ДАННОЕ РУКОВОДСТВО
ПОЛЬЗОВАТЕЛЯ ПЕРЕД НАЧАЛОМ ЭКСПЛУАТАЦИИ
ХОЛОДИЛЬНИКА И ДЕРЖИТЕ ЕГО ПОД РУКОЙ, ЧТОБЫ
ВЫ ВСЕГДА МОГЛИ К НЕМУ ОБРАТИТЬСЯ В СЛУЧАЕ
НЕОБХОДИМОСТИ.

ТОҢАЗЫТҚЫШ-МҰЗДАТҚЫШ

ҚОЛДАНУ ЕРЕЖЕСІ

ТОҢАЗЫТҚЫШ-МҰЗДАТҚЫШТЫ ІСКЕ ҚОСАР АЛДЫНДА ОСЫ НҰСҚАУДЫ МҰҚИЯТ ОҚЫП, ТАНЫСУҢЫЗДЫ СҰРАЙМЫЗ ЖӘНЕ ҚАЖЕТ БОЛҒАНДА ҚАРАП ОТЫРУ ҮШІН ӘР ҚАШАНДА ҚОЛЫҢЫЗДА БОЛСЫН

Интернеттегі адресі: http[illegible]ww.lg.ru
Кепілдік карта тексті жә[illegible]лефон нөмірі (095)742-77-77

Бұйымның нөмірі: 3828JD8178Z

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

Тоңазытқышты тіркету

Техникалық қауыпсыздығы жөнінде маңызды нусқаулар

Тоңазытқыштың негізгі бөліктерінең қызыметі

Тоңазытқышты орнату

Тоңазытқышты орнату

Тоңазытқышты іске қосу

Тоңызатқышты қолдану ережелері

Тоңазытқыштың температурасын реттеу

Жылдам мұздату

Электр энергиясын үнемдау режимі

Өзін-өзі қадағалау

Есік ашық қалғанын дыбыстап білдіретін сигнализация

Мұзды қалай даярлайсыз

Тоңазытқышты жібіту

Азық-түлікті сақтау тәртібі

Азық-түлікті сақтау

Тоңазытқышты күтіп, баптау ережелері

Жалпы мәліметтер

Жарық түсіретін шамды алмастыру

Тоңазытқышты тазалау

Тоңазытқыштын ақаулықтарын іздеп тауып, жөндеу шаралары

Тоңазытқыштың ақаулықтарын іздеп тауып, жөндеу шаралары

Есіктің топсасын басқа жаққа алмастыру

Сақтық шаралары

Есіқтің ашылатын жағын қалай өзертесіз

Осы құрылғының пайдалану мерзімі тұтынушыға жеткізген күнінен бастап 7 жылды құрайды.

Тоңазытқышты тіркету

Кіріспе

Тоңазытқыш үлгісінің коды мен заводтан шыққан номері артқы панеліндегі кестеде жазулы. Бұйымның камерасының заводта қойылған ерекше номері бар. Төменде келітірілген формаға керекеті мәліметтің бәрін келтіріп, осы затты сатып алғаныңыздың куәлік қағазы ретінде сақтаңыз. Бұған чекті қосып қойыңыз.

Сатып алу күні : _____

Тоңазытқышты сатқан дилер : _____

Дилердің адресі : _____

Дилердің телефон нөмері : _____

Үлгі : _____

Заводта қойылатын номер : _____

Техникалық қауыпсыздығы жөнінде маңызды нусқаулар

Сақтандыру шаралары

Тоңазытқышты іске қосар алдында, орнату ережелерін мұқият сақтай отырып, таңдап алынған қойлалы орынға тоңазытқышты орнатыңыз. тоңазытқышты токтан ажырату үшін шнурдан тартпаңыз. Шнурдың ашасынан мықтап ұстап кері тартыңыз. тоңазытқышты қабырғадан жылжытқанда ток желісіне қосатын шнуры дөңгелек астына түсіп, болмаса басқадай жолмен зақымдалып қалмауын ерекше қадағалаңыз. Тоңазытқыш жұмыс істеп тұрғанда мұздатқыш камерасының ішкі қабырғаларына қолыңызды тигізбеңіз. Әсіресе су, дымқыл қолмен. Әйтпесе қолыңыз жабысып қалады.

Техникалық қауыпсыздығы жөнінде маңызды нусқаулар

Сақтық шаралар

Тазалу жумыстарын бастар алдында тоңазытқышты токтан ажыратыңыз

Ток соқпас үшін, өрт шықпас үшін тоңазытқышты тоққа қаосатын шнурды бүктемеңіз, зақым келтіріп алмаңыз, бұрамаңыз: токтан ажыратқанда шнурдан тартпаңыз.

Тоңазытқыштың мұздатқыш камерасына әйнек ыдыстарды қоймаңыз. Себебі, ішіндегі тамақ мұздаған соң, ыдыс жарылып кетеді.

Ұзартқыш шнурды қолданбаңыз

Егер мүмкіндік болса, тоңазытқышты тек өзіне ғана арналған розеткаға қосыңыз. Бұл розеткаға еш уақытта басқа тұрмыстық немесе жарық беруші электр аспаптарын косақтамаңыз. Әйтпесе,ток желісіне күш түсіп, ток ажыратылып қалуы мүмкін.

Зақымдаған шнурды арнаулы шнурмен немесе өндірүші немесе оның өкілі даярлаған комплектімен алмастырасыз.

Қауыпты !


Балалартоңазытқыштың ішінде қалып қойуы мумкін.Ескі тоңазытқышты шығарып тастар алдында төмендегідей шараларды міндетті түрде істеңіз Тоңазытқыштың есігін алфып тастаңыз. Балалар ішіне кіріп кете алмас үшін тоңазытқыштың сөрелерін орнында қалтырыңыз.

Тез жанатын заттар

Бензин немесе басқа тез жанатын газдарменен сұйықтарды тоңазытқыштың, басқа да тұрмыстық элертр аспаптарының қасында сақтап, болмаса қолдануға тыйым салынады.

Тоңазытқышты жермен қоссаңыз, электр тоғының айқасып тұйықталған жағыдайында электр тоғын бөліп әкету арқылы токтың соғунан сақтайды. Электр тоғы соқпас ұшін, тоңазытқышты жермен қосылуы міндетті. Тоңазытқышты жермен қосатын штеккерді дұрыс қолданбасаңыз ток соғады. Егерде жерге қосу ретін түсінбесеңіз немесе жүргізілген жерге қосу жұмыстарының дұрыстығына күдігіңіз болса, онда маман электрикті шақыртыңыз немесе осы бұйымды күтіп-жөндейтын арнайы шеберханамен хабарласыңыз.

Тоңазытқыштың негізгі бөліктерінең қызыметі



Егерде тоңазытқыштың суретте көрсетілген кейбір бөлшектері сіздің тоңазытқышыңызда болмаса, олар тоңазытқыштың басқа үлгілірінде қолданылатын болғаны.

Тоңазытқышты орнату

1. Тоңазытқышты қоюға ынғайлы орынды таңдап алыңыз.
2. Тоңазытқышты жылу шығаратын аспаптарға тақау, тікелей күн сәулесі түсетін жерге және ылғалы мол орындарға қоймаңыз.
3. Тоңазытқыштың төңірегінде емін-еркін ауа алмасып тұрса, онда ол ұзақ мерзім бойы ақаусыз жұмыс істейтін болады. Тоңазытқышты қуыстау жерге қойсаңыз, үстіндегі бос кеңістік 5 см - ден кем болмасын.
4. Тоңазытқыш дірілдеп, тербелмес үшін тегістігін реттеп қою керек. Ол үшін, биіктігі реттелетін сирақтарды пайдаланасыз. Тоңазытқыштың алдынғы жағы артқы жағынан сәл биігірек болсын, сонда оның есігі толық, тығыз жабылады. Тоңазытқышты сәл қисайтсаңыз биіктігі өзгермелі сирақтар жеңіл бұралады. Тоңазытқышты көтеру үшін биіктігі өзгермелі сирақтар сағаттың тілінің бағытында ( ) бұралды, ал төмендету керек болса сағат тілінің бағытына ( ) қарсы бұрайсыз.
5. Тоңазытқышты алғаш іске қосар алдында жұмсақ шүберекпен сүртіп, тасымалдау кезінде пайда болған шаң тозаңы мен кірлеген жерлерін тазартыңыз.
6. Сөрелері мен қосалқы заттарын (мұз қатыратын ыдыс, булану табақшасы, т.с.с.) тиісті орнына қойыңыз. Олар тасымалдау кезінде бүлініп қамас үшін бірге оралған болатын.
7. Тоңазытқышты электр желісіне қосыңыз. Сол розеткаға басқа электр аспаптарын бірге қоспаңыз.

Тоңазытқыты іске қосу


Тоңазытқышты ең алғаш іске қосқанда ішін бос қойып 2-3 сағат жұмыс істетіңіз. Азық-түлікті тоңазытқыштың ішін суық кернегеннен соң барып салыңыз. Тоңазытқыш тоқтан ажыраса, 5 минут өткеннен кейін ғана қосу керек.

Тоңазытқыштың температурасын реттеу

Тоңазытқышта-тоңазыту және мұздату камераларындағы температураны қалыптастыратын екі реттеуіш тетік бар.

Тоңазытқыш камера

- Алдымен температураны реттеуіш тетігін (TEMP CONTROL) “4” жағыдайына қойыңыз. Содан соң, тоңазытқыш камерасының температурасын қажет деген мөлшерге дейін қалыптастырыңыз.




TEMP. CONTROL

- Егерде камераның ішін ептеп жылытып немесе суытқыңыз келсе, онда реттеуіш тетікті “MIN” немесе “MAX” бағыттарына қарай бұрайсыз.

Мұздатқыш камера

- Мұздатқыш камерасының температурасын реттейтін тетік тоңазытқыштың жоғарғы жағында орналасқан. Алдымен FREZE TEMP реттегіш тетігін ортанғы жағыдайға қойыңыз. FREZE TEMP кнопкасын басу арқылы мұздатқыштың температурасын калыптастыра аласыз. Температураның мөлшерін жанған шамның санына қарап білесіз (температураны реттеу 5 этаптан тұрады. Жанған 5-шам мұздатқыш камераның ішінде ең төменгі суық температураның орнағаның көрсетеді).



Жылдам мұздату

- Тоңазытқышты іске қосқанда немесе ток желісіне қосқанда температура реттеу тетігі өздігінен орташа жағдайға орналасады.

- Бұл азық-түлікті тез мұздату үшін қолданылатын шара. “QUICK FREEZE” кнопкасын бір рет бассаңыз мұздатқыш жедел мұздата бастайды және көрсеткіш шамы жанып тұрады.Тоңазытқыш осы режимде 3 сағат мөлшеріндежұмыс істейді де, одан кейін кәдімгі жұмыс қалпына өтеді. Егерде азық-



Электр энергиясын үнемду режімі



Тоңазытқыштың бұл жұмыс қызыметі мұздатқыш камерасы бар тоңазытқышты электрэнетриясын үнемдеу режімінде жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Мәселен бұл сіз ұзақ уақытқа демалысқа кеткенде пайдалы, себебі, осы кезде электр энергиясын тұтыну мүмкіндігінше ең көп үнемделетін болады. 'VACATION' кнопкасын басқаныңызда осы жұмыс режімі іске қосылады да, шам жанады. Сол кнопканы қайта бассаңыз электр энергиясын үнемдеу жұмыс режімі тоқтайды. Бұл жұмыс режімін тиімді пайдалану үшін, TEMP. CONTROL басқарушы тетігін 'MIN' жағыдайына қойыңыз.

Өзін-өзі қадалау


Тоңазытқыштың өсін-өзі қадағалау жұмыс қызыметі сізге тоңазытқышыңыз қалыпты жұмыс істеп тұрма, жоқпа соны анықтап білүге мүмкіндік береді. Егерде сіз, мұздатқышыңыз дұрыс жұмыс істемей тұр десеңіз, онда температураны реттеу тетігін басыңыз:

➤ Егерде жарық индикаторының бағынасы жоғары немесе төмен жылжыса, онда тоңазытқышыңыз дұрыс жұмыс істеп тұр деген сөз.

➤ Егерде жарық индикаторының бағынасы қозғалмаса, онда тоңазытқышты ток желісінен ажыратпаңыз. Бірақ ең жақын деген сервис орталығымен хабарласыңыз.

Есіктін ашық қалғанын дыбыстап білдіретін сигнализация

Мұзды қалай даярлау



Егерде тоңазытқыш немесе мұздатқыш камераның есігі біраз уақытқа ашық қалып қойса, онда тоңазытқыш дыбыстап белгі береді.

- Мұз қалыптарын сумен толтырып мұздатқыш камераға қойыңыз.
- Мұзды тез дайындау үшін QUICK FREEZE кнопкасын басыңыз.
- Қатырылған мұз текшелері-қалыпты ептеп исеңіз алынады.

Еггерде мұз қатылған қалыпқа ептеп су құйсаңыз, онда мұз текшелері қалыпты игеніңісде тез түседі.

Тоңазытқышты жібіту

Тоңазытқышты жібіткенде еріген су булану табақшасына жиналады да сол жерден бу болып ұшып кетеді.

Азықтүлікті сақтау

- Суықта ұстасаңыз бұзылатын банан және қауын сияқты өнімдерді тоңазытқышта сақтамай-ақ қойыңыз.
- Ыстық тамақты тоңазытқышқа алдын ала суытып барып қойыңыз. Ыстық тамақты тоңазытқыш немесе мұздатқыш камераға қойсаңыз басқа тамақтар бүлініп, электр энергиясы шығын болады.
- Азық-түлік жабық контейнерде сақталуы керек немесе винил пленкасымен оралсын. Сонда өнімнің тамақтық қасиеті мен дәмі сақталады және кеуіп кетпейді.
- Ауа алмасатын тесіктерді бітеп тастамаңыз. Суық ауа бір қалыпты алмасып тұрса, тоңазытқыш және мұздатқыш камералардың ішінде температура бірқалыпты сақталады.
- Тоңазытқыштың ішіне жылы ауа кіріп кетпес үшін, есігін жиі ашпауға тырысыңыз.
- Температураны реттеуге бөгет болмас үшін, тамақтарды температураны реттейтін тетіктің қасына қоймаңыз.
- Тоңыздатқыштың есігінде тым көп азық-түлікті салушы болмаңыз, әйтпесе есігі дұрыстап аяғына дейін жабылмай қалуы мүмкін.
- Ішінде сұйық сусыны бар бөтелкені мұздатқыш камераның ішіне сақтауға қоймаңыз. Себебі, сұйық мұзға айналып, бөтелке жарылады.
- Бұрын бірнеше рет жібіген тамақты қайтадан мұздатуға қоймаңыз. Тағамдық қасиеті мен дәмін жоғалтады.

Егерде тоңазытқышты жылу көздеріне тақау ылғалды жерге орналастырсаңыз, немесе есігін жиі аша берсеңіз, болмаса ішіне тамақты мөлшерден көп салсаңыз, онда камералардың ішін дымқылданып - конденсат суы басып кетеді. Бірақ, бұл тоңазытқыштың жұмыс істеу қабылетіне айтарлықтай нұқсан келтірмейді.

Жалпы мәліметтер

Электр желісінде ақаулық болғанда


- Электр желісінде 1 немесе 2 сағатқа ақаулық болғанда, тоңазытқыштың ішіндегі тамаққа еш әсері болмайды. Мүмкіндігінше есігін ашпауға тырысыңыз.

Тоңазытқыштың тұрған орнын алмастыру

- Тоңазытқыш және мұздатқыш камераларда сақтаулы тұрған азық-түлікті түгел алыңыз. Тоңазытқыштың ішіндегі алынып - салынатын бөлшектерін жабысқақ лентамен бекітіңіз.
- Жылжытар алдында тоңыздатқыштың биіктігі өзгермелі сирағын бұрап ішке кіргізіп қойыңыз. Әйтпесе, тоңазытқыш жылжығанда еденді сызып немесе сирақты сындырып аласыз. Болмаса тоңазытқышты жылжыта да алмауыңыз мүмкін.

Антиконденсат түтігі


- Тоңазытқыштың қабырғасында конденсат су тамшылары пайда болмас үшін, тоңазытқышпен мұздатқыш камераларының алдыңғы жағының периметрлері бойынша және осы камералардың аралық қабырғаларының ішіне арнайы түтік жүргізілген.



- Тоңазытқышты алғаш орнатқанда немесе қоршаған ортаның температурасы жоғарылағанда тоңазытқыштың корпусы қол тигізгенде ыстық болып көрінеді. Бұл - тоңазытқышта ақау бар деген сөз емес.

Жарық түсіретін шамды алмастыру

1. Тоңазытқышты токтан ажыратыңыз.
2. Тоңазытқыш камераның сөрелерін алыңыз.
3. Шамның қақпағын алу үшін оның астына “—” түріндегі отвертканы сұғып сыртқа суырып алыңыз.
4. Шамды сағат тіліне қарсы бағытта бұрап алыңыз.
5. Жаңа шамды бұрап орналастырыңыз. Ол бұрынғысымен бірдей болсын. Алынған заттарды кері тәртіппенен қайтадан орындарына қойыңыз.



Тоңазытқышты тазалау

Тазалу жұмыстарын жүргізу үшін даярлық жұмыстары

Тоңазытқышты токтан ажыратуды ұмытпаңыз.

Сыртын тазалау

Тоңазытқыш және мұздатқыш камераларының сыртын ыстық сумен немесе жуушы заттармен дымқылданған жұмсақ шүберекпен жуып сүртіп шығыңыз. Егерде жуушы заттарды пайдалансаңыз, онда таза сулы шүберекпен сүртіңіз.

Ішін тазалау

Жоғарда айтылғандай.

Тазалау жұмыстары біткеннен соң

Ток желісіне қосатын шнурдың зақымдалмағанына немесе қызып кеткен жоқ па екен, розеткаға дұрыс сұғылды ма екен - анықтап көз жеткізіп алыңыз.

Абайлаңыз!

Тоңазытқыштың қабырғаларын суменен жуып тазартқаннан кейін құрғатып сүртіп алуды ұмытпаңыз. Тоңазытқыштың бөлшектеріне зақым келтіріп алмас үшін, тазалау жұмыстарына тырнап жуатын ұнтақтарды, бензин, бензол, еріткіш, тұз қышқылы сияқты химиялық сұйықтарды, сол сияқты қайнап тұрған ыстық су менен темір щетканы пайдаланбаңыз.

Сервис орталығымен хабарласпас бұрын, тоңазытқышты тексеруді төмендегідей ретпен жүргізіңіз. Сонда уақытыңыз да, қаржыңыз да үнемделеді. Төменде өндіріс немесе тоңазытқыш жасалған материалдардың кемшілігінің салдары бола алмайтын ақаулықтар тізімі келтірілген.

Қыйындықтың түрлері	Мүмкін болатын себептер
Тоңазытқыш және мұздатқыш камералары жұмыс істемейді	• **Тоңазытқышты ток желісіне қосатын шнурдың ашасы розетка мен түйспей тұрған болар.** Ашаны розеткаға дұрыстап орнатыңыз. • **Сақтандыру тетігі жанып кеткен болар немесе автоматика ажыратып тастаған болар.** Сақтандыру тетігін тексеріңіз және (немесе) алмастырыңыз. Өздігінен ажыратқыш автоматиканы қайтадан іске қосыңыз. • **ток желісіне ақаулық бар болар.** Жарық беретін тұрмыстық жүйені қосып көріңіз.
Тоңазытқыш және мұздатқыш камерада жағррылап, жылып кетті.	• **Температурны реттеутетіктері дурыс орынға қойылмаған.** “Температураны реттеу” бөліміне қараңыз. • **Тоңазытқыш жылу көзіне тақау орналасқан.**
Тоңазытқыш дірілдеп, селкілдеп немесе әдеттегіден тым қатты дыбыс шығарып тұр	• **Ауа райы немесе тоңазытқыштың есігі тым жылы ашылады.** • **Тоңазытқыштың есігі ұзақ уақытқа ашық қалған.** • **Тоңазытқыш орауыш заттары тоңазытқыштың есігін жаптырмай тұр немесе мұздатқыш камераның ауа алмасатын тесігі бітеліп қалған.**
Тоңазыған тағамдарда қарау немесе мұз кристалдары тұрып қалған	• **Тоңазытқыш орнатылған еден тегіс емес немесе тоңазытқыш дұрыс орнатылмаған.** • **Тоңазытқышты биікті өзгермелі сирақтың көмегімен тегістеп қойыңыз.**
Тоңазытқыштың қабырғасы ылғандағы	• **Тоңазытқыштың артына бөтен заттар түсіп кеткен.** • **Тоңазытқыштың есігі дұрыс жабылмай қалған немесе ұзақ уақытқа ашық тұрған.** • **Тамақтың орауышының ішіндегі қырау тоңазытқыш дұрыс жұмыс істемейді деген сөз емес** • **Бұл - тоңазытқыш дымқыл бөлемінде тұрса үйреншікті жағыдай.** Ылғалды құрғақ шүберекпен сүртіп алыңыз.


Қыйындықтың түрлері	Мүмкін болатын себептер
тоңазытқыштың ішінде ылғал жиналады	• Тоңазытқыш тым жиі немесе үзақ уақытқа ашылады. • Жауып-шашынды ылғалды күндері дымқыл тоңазытқыштың ішіне есік ашылғанда ауамен бірге өтеді.
Тоңазытқыш камерасында жағымсыз иіс пайда болады	• Иісі қатты шығатын тамақтарды ауызы тығыз жабылатын тамақтарды ауызы тығыз жабылатын ыдысқа салады немесе жақсылап орайды. • Камераның ішінде бұзылған тамақ жоқ па екен, тексеріңіс. • Тоңазытқыш камерасының ішкі қабырғаларын жуу керек болар. тоңазытқышты күтү ережелерін оқыңыз.
тоңазытқыштың есіктері дұрыс жабылмайды	• Тоңазытқыштың ішіндегі тағамдардың орауыштары есікті жаптырмайды. Еікті жаптырмай тұрған орауыш - затты жылжытыңыз. • Тоңазытқыш дұрыс орнатылмаған. Биіктігі өзгермелі сирақтың көмегімен тоңазытқышты тегістеп орнатыңыз. • Тоңазытқыш орнатылған еден тегіс емес, немесе тоңазытқыш тегістеп орнатылмаған. Биіктігі өзгермелі сирақтың көмегімен тоңазытқыштың алдынғы жағын сәл көтеріңіз.
Тоңазытқыштың ішіне жарық түсіретін шам жанбайды	• Ток желісінде кернеу жоқ. • Шамды алмастыру керек. Шамды алмастыру ережесін оқыңыз.


Есіктің топсасын басқа жаққа алмастыру

Осы тоңазытқыш-мұздатқыштың есіктері бар, олар тұрған жеріне қарап, есіктерінің ашылу бағытын солға немесе оңға ашылатын ғылып өзгертуге болады

Сақтық шаралары


1. Тоңазытқыштың есігін басқа жаққа қарап ашылатындай етіп есіктің топсасын ауыстырып орнатар алдында, ішіндегі барлық азық-түлікті, алынып салынантын сөре, табақша сияқты барлық бөлшектерін түгелдей алынып қойылуы керек.
2. Болттар мен винттерді бұрау үшін "+" түріндегі отвертка мен айналдыру моменті шектеулі гайкалық кілттерді, болмаса қәдімгі қарапайым гайкалық кілттерді пайдаланыңыз.
3. Тоңазытқыштың есігінің төменгі топсасын алып немесе салып, болмаса биіктігі өзгермелі сирақты құрастырып жатқанда тоңазытқышты құлатып алмаңыз. Абай болыңыз! Тоңазытқышты еденге жатқызбаңыз, әйтпесе істен шығып қалады.
4. Мұздатқыш пен тоңазытқыш камераларының есіктерін топсаларын құрастырып тартқанда жерге түсіріп алмаңыз.







Есіқтің ашылатын жағын қалай өзертесіз

1. (❷) бөлшектеңізде,(❶) қақпақты алыңызда (❸) бастырманың тұратын орнын ауыстырыңыз ,(❹) бұранданы бұрап, (❺) топсаны алыңыз да (❻) штырдың орынын ауыстырыңыз. Мұздатқыш камерасының есігін (●) алып (❼) бастырманың орнын ауыстырыңыз. (❽) бұранданы бұрап алып (❾) тіреуішін алыңыз.
2. (●)бұрандамы бұрап алыңыз (●) тіреуіш пен мұздатқыш камерасының есігін (●) орнынан алыңыздар. (●) бастырманың орнын ауыстырып, (●) бұранданы бұрап (●) тіреуішті орнынан алыңыз.
3. (●) штырьмен (●) үстінгі қақпақтың (●) есікті орнатыңыз. C (●) топса мен (●) бұранданы орнына орнатыңыз F(●) есікті жинаңыз L(❺) топсаны, (❹) бұранданы, (❶) төменгі қақпаны (❷) бұрандан орындарына орнатыңыздар.







Ескерту Есіктің топсасын ауыстыру жұмыстарына кепілдік мідеттемелері жүрмейді.

LG Electronics Inc.